

Қазақстан Республикасында дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 наурызда № 32114 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Дерматовенерологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 312 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7018 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасында дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 қазандағы № 821 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12289 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасында дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласындағы сертификаты бар медицина қызметкері;

2) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым (бұдан әрі – ғылыми ұйым) - денсаулық сақтау саласындағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, сондай-ақ медициналық, фармацевтикалық және (немесе) білім беру қызметін жүзеге асыратын ұлттық орталық, ғылыми орталық немесе ғылыми-зерттеу институты;

3) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

5) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет (бұдан әрі- ЖТМК) - диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

6) жоспарлы медициналық көмек - көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қатер төндірмейтін аурулар мен жағдайлар кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

7) жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (бұдан әрі – ЖЖБИ) - жұқтырудың неғұрлым жиі жолы жыныстық қатынас болып табылатын инфекциялық аурулар;

8) клиникалық хаттама (бұдан әрі – КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезінде профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

9) мамандандырылған медициналық көмек – диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтер құралдарын пайдалана отырып, бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

10) медициналық бұйымдар - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника;

11) медициналық көмек көрсетудің бірінші деңгейі - медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету;

12) медициналық көмек көрсетудің екінші деңгейі - мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету;

13) медициналық көмек көрсетудің үшінші деңгейі - жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету;

14) медициналық мақсаттағы бұйымдар - функционалдық мақсатына және өндірушінің нұсқаулығына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін пайдаланылатын материалдар, бұйымдар, ерітінділер, реагенттер, жиынтықтар, жинақтар;

15) медициналық техника - функционалдық мақсатына және өндіруші белгілеген пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке немесе өзара үйлесімде қолданылатын аппараттар, аспаптар, жабдық, кешендер, жүйелер

16) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін аурулар мен жай-күйлердің алдын алуды, диагностикалауды, емдеуді қамтитын халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

17) медициналық ұйым - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

18) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – МӘМС жүйесі) – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

19) пациент - медициналық көмек көрсетуді қажет ететін ауруының немесе жай-күйінің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы болып табылатын (болып табылған) жеке тұлға;

20) профилактика - аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатыларда өршуінің алдын алуға және өршіп кеткен асқынуларды, ағзалар мен тіңдердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

21) санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар – халық арасында пайда болған инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланулардың ошақтарын оқшаулау және жою мақсатында қабылданатын шаралар;

22) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) - бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

23) хабардар етілген келісім - адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешім қабылдауы үшін маңызы бар медициналық көмектің және (немесе) зерттеудің барлық аспектісі туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі.

3. Дерматовенерологиялық көмек медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

4. Дерматовенерологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) дерматовенерологиялық аурулардың профилактикасы мен ерте диагностикасына, мүгедектіктің, олардан болатын өлімнің профилактикасына бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

2) медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, дәлелді медицина қағидаттарына негізделген диагностика мен емдеудің заманауи технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, дерматовенерологиялық аурулары бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

3) жұқпалы тері аурулары мен ЖЖБИ профилактикасы мәселелері бойынша халықты ақпараттандыру және оқыту;

4) дерматовенерологиялық аурулардың сырқаттанушылығының (жұқпалы тері ауруларымен және ЖЖБИ-мен) эпидемиологиялық мониторингін жүзеге асыру.

5. Дерматовенерологиялық көмекті:

1) МСАК ұйымдары;

2) амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының құрамындағы тері-венерологиялық кабинеттер, оның ішінде аудандық, нөмірлік аудандық, қалалық емханалардың, емханалық бөлімшелердің, ауруханалар құрамындағы консультациялық-диагностикалық бөлімшелердің және (немесе) орталықтардың, жеке тері-венерологиялық кабинеттер;

3) көпбейінді қалалық және облыстық ауруханалар құрамындағы тері–венерологиялық орталықтар (бұдан әрі - тері-венерологиялық орталықтар);

4) ересектер, балалар дерматовенерологиясы бейіні бойынша медициналық көмек көрсететін ғылыми ұйымдар көрсетеді.

6. Тері-венерологиялық орталық аурухананың жеке блогында және (немесе) жеке тұрған ғимаратта орналасады.

Тері-венерологиялық орталықтың құрамына:

- 1) амбулаториялық-емханалық бөлімше;
- 2) тәулік бойы стационар;
- 3) күндізгі стационар;
- 4) диагностикалық зертхана;
- 5) физиотерапиялық бөлімше (кабинет);
- 6) косметологиялық кабинет;
- 7) ұйымдастыру-әдістемелік кабинеті кіреді.

7. Амбулаториялық-емханалық бөлімшенің құрылымына:

- 1) ЖЖБИ бар пациенттерді қабылдауға арналған (ерлер мен әйелдер үшін бөлек);
- 2) дерматозбен ауыратын пациенттерді қабылдауға арналған;
- 3) микозбен ауыратын пациенттерді қабылдауға арналған;
- 4) құпия қарап-тексеру және емдеу кабинеттері;
- 5) емшара кабинеттері;
- 6) зертханалық материалды алуға арналған кабинеттер кіреді.

Амбулаториялық-емханалық бөлімшенің жанынан ЖЖБИ және жұқпалы тері аурулары кезінде санитариялық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жөніндегі эпидемиологиялық (жедел) топ (бұдан әрі - эпидемиологиялық топ) құрылады.

Эпидемиологиялық топтың құрамына дерматовенеролог дәрігер (топ басшысы), екі орта медицина қызметкері кіреді. Эпидемиологиялық топ санитариялық автокөлікпен қамтамасыз етіледі.

Эпидемиологиялық топтың жұмысын бақылауды амбулаториялық-емханалық бөлімшенің меңгерушісі жүзеге асырады.

Эпидемиологиялық топтың негізгі міндеті:

1) ЖЖБИ, жұқпалы тері аурулары бар науқастармен байланыста болған адамдарды анықтау және тексеруге тарту;

2) ЖЖБИ профилактикасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

8. Тәулік бойғы стационардың құрылымына:

- 1) қабылдау бөлімшесі;
- 2) науқастарға арналған палаталар (ересектер мен балалар үшін бөлек);
- 3) емшара жасау кабинеттері;

- 4) бөлімше меңгерушілерінің және аға мейіргердің кабинеттері;
- 5) ординатор бөлмесі;
- 6) асхана кіреді.

9. Күндізгі стационардың құрылымына:

- 1) пациенттерді қабылдау кабинеті;
- 2) персоналға арналған үй-жайлар (меңгерушінің кабинеттері, ординатор бөлмесі, орта медицина персоналына арналған кабинет);
- 3) пациенттердің күндіз болатын палаталары;
- 4) емшара кабинеті;
- 5) таңу/жақпа кабинеті кіреді.

10. Диагностикалық зертхананың құрылымына:

- 1) клиникалық-диагностикалық зертхана;
- 2) бактериологиялық зертхана;
- 3) серологиялық зертхана;
- 4) полимеразды тізбекті реакцияның (бұдан әрі – ПТР) және иммунологиялық диагностика зертханасы;
- 5) гистологиялық-цитологиялық зертхана кіреді.

Диагностикалық зертхана болмаған жағдайда зерттеулер құрамына тері-венерологиялық орталық кіретін аурухана зертханасында жүргізіледі.

Диагностикалық зертхана:

тері аурулары мен ЖЖБИ диагностикасы бойынша цитологиялық, иммунологиялық, бактериологиялық және серологиялық зерттеулерді жүзеге асырады,

тиісті аумақтағы қалалық және аудандық медициналық ұйымдарға дерматовенерологиялық бейіндегі ауруларды диагностикалау бойынша консультациялық-әдістемелік көмек көрсетеді.

11. Косметологиялық бөлімше және (немесе) кабинет:

1) сыртқы қолдануға арналған косметикалық құралдарды, манипуляцияларды және косметологиялық аппаратураны пайдалана отырып, тері аурулары (безеу, себорея, шаш аурулары, бас терісінің псориазы, қатерсіз ісіктер, гиперпигментация және басқа да тері аурулары) бар пациенттерді емдеуді және оңалтуды;

2) емдік (консервативті және жедел), гигиеналық және профилактикалық косметология жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

12. Ұйымдастыру-әдістемелік кабинет:

"Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есептік құжаттаманы жүргізеді;

негізгі қызмет бойынша есептер дайындайды;

дерматовенерологиялық аурулармен сырқаттанушылық мониторингін жүзеге асырады.

13. Дерматовенерологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штат саны осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

14. Дерматовенерологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандыру "Денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төменгі стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-167/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21560 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төменгі стандарттары ескеріле отырып осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 2-қосымша) жүзеге асырылады.

15. Дерматовенерологиялық көмек:

ТМККК шеңберінде ("Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес);

МӘМС жүйесінде ("Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес);

"Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) ақылы негізде көрсетіледі.

16. Дерматовенерологиялық көмек амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, үйде, жоспарлы нысанда көрсетіледі.

17. Дерматовенерологиялық көмекті ұсыну № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша хабардар етілген келісімді алғаннан кейін жүзеге асырылады.

2-тарау. Дерматовенерологиялық ауруларды анықтау, тіркеу және есепке алу тәртібі

18. Дерматовенерологиялық аурулармен ауыратын пациенттер:

өзі жүгінген кезде,

алдын ала және мерзімді медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша;

эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша зерттеп-қарау нәтижелері бойынша анықталады.

19. Алдын ала және мерзімді медициналық қарап-тексеру "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

20. Эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес адамдардың контингенттері ЖЖБИ-ге тексерілуге жатады.

21. Жұқпалы тері аурулары және ЖЖБИ жағдайларын тіркеу және есепке алу "Инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) улану оқиғаларын, иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністерді тіркеу және тергеп-тексеру, есепке алу мен есептілігін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-169/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21562 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

22. Медициналық ұйымдар алғаш рет анықталған жұқпалы тері аурулары немесе ЖЖБИ тіркелген кезде "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, улану оқиғалары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-153/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21532 болып тіркелген) сәйкес инфекциялық аурулар, уланулар жағдайлары туралы хабархат береді.

3-тарау. Дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

1-параграф. Амбулаториялық жағдайда дерматовенерологиялық көмек көрсету

23. Амбулаториялық жағдайда дерматовенерологиялық көмек медициналық көмек көрсетудің бірінші және екінші деңгейлерінде көрсетіледі.

24. Бірінші деңгейде МСАК маманы:

1) дерматовенерологиялық аурулардың шағымдары мен симптомдары бар пациенттер жүгінген кезде диагностикалық зерттеулерді клиникалық хаттамаларға сәйкес тағайындайды және диагнозды нақтылау және консультациялық –

диагностикалық көмек алу үшін аудандық, нөмірлік аудандық және (немесе) қалалық емхананың "Ересек, балалар дерматовенерологиясы" мамандығы бойынша бейінді маманына (бұдан әрі-дерматовенеролог) жібереді;

2) "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ 149/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ 149/2020 бұйрығы) сәйкес дерматовенерологиялық аурулармен ауыратын пациенттерді динамикалық байқауды жүзеге асырады;

3) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ – 198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрық) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтаманы бере отырып, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізеді.

4) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу үшін құжаттарды дайындайды;

5) көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызуға жібереді.

Бірінші деңгейде дерматовенерологиялық аурулармен ауыратын пациенттер " Белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) сәйкес дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

25. Медициналық көмек көрсетудің екінші деңгейінде амбулаториялық жағдайларда дерматовенерологиялық көмек екі кезеңде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде көрсетіледі.

Бірінші кезеңде пациентті аудандық, нөмірлі аудандық, қалалық емхананың (бұдан әрі – емхана) дерматовенерологы қарап-тексереді.

Қарап-тексеруден кейін емхананың дерматовенерологы:

1) диагноз қою, сараланған диагностика жүргізу мақсатында КХ сәйкес диагностикалық зерттеулерді тағайындайды;

3) емхана деңгейінде зерттеп-қарау мүмкіндігі болмаған және қиын жағдайларда тері-венерологиялық орталыққа жібереді;

4) көрсетілімдер бойынша стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға жібереді;

5) созылмалы қайталанатын дерматоздарымен пациенттерге иммунды супрессивті және биологиялық терапия жүргізеді және тиімділігіне мониторингті жүзеге асырады;

6) № ҚР ДСМ–198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтама бере отырып, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізеді;

7) ЖЖБИ және жұқпалы тері ауруларының расталған жағдайларын МАЖ-ға деректерді енгізе отырып тіркейді;

8) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР–ДСМ -175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) сәйкес есепке алу құжаттамасын және сондай-ақ № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы ресімдейді және жүргізеді;

9) КХ сәйкес стационардан шығарылған пациенттерге бақылау жүргізеді;

10) № ҚР ДСМ 149/2020 бұйрығына сәйкес пациенттерді динамикалық (диспансерлік) бақылауды жүзеге асырады.

26. Екінші кезеңде пациентті тері-венерологиялық орталықтың дерматовенерологы қарап-тексереді.

Тері-венерологиялық орталықтың дерматовенерологы:

1) диагнозды, сараланған диагностиканы нақтылау үшін диагностикалық зерттеулерді тағайындайды;

2) КХ сәйкес емдеуді тағайындайды;

3) бірінші кезеңде амбулаториялық жағдайда бақылау және емдеу үшін ұсынымдар береді;

4) стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға жібереді;

5) стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға жібереді;

6) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын бере отырып, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізеді;

7) № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығына сәйкес есепке алу құжаттамасын және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы ресімдейді және жүргізеді;

8) қиын жағдайларда пациентті "ересек, балалар дерматовенерологиясы" бейіні бойынша медициналық көмек көрсететін ғылыми ұйымға жібереді.

27. Қашықтықтан медициналық қызмет көрсету арқылы дерматовенерологтың қайталама консультацияларын жүргізуге жол беріледі. Қашықтықтан медициналық қызметтер пациенттің медициналық ұйымға бару мүмкіндігі болмаған кезде шектеу іс-шаралары енгізілген кезде де жүргізіледі.

28. Үшінші деңгейдегі амбулаториялық жағдайларда дерматовенерологиялық көмекті денсаулық сақтау ұйымының жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындысы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

Пациенттерді үшінші деңгейде көмек алу үшін жіберу "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 21746 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Стационарды алмастыратын жағдайларда дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

29. Стационарды алмастыратын жағдайларда дерматовенерологиялық көмек тәулік бойы медициналық бақылау мен емдеуді қажет етпейтін пациенттерге және екінші және үшінші деңгейде күндізгі уақытта төсек-орын ұсынумен медициналық бақылау мен емдеуді көздейді.

30. Стационарды алмастыратын жағдайларда дерматовенерологиялық көмек амбулаториялық және (немесе) стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының, тері-венерологиялық орталықтардың, зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелері және дерматовенерологтың консультативтік қорытындысы бар бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың жолдамасы бойынша "Ересек, балалар дерматовенерологиясы" бейіні бойынша медициналық көмекті жүзеге асыратын ғылыми ұйымның күндізгі стационарларында көрсетіледі және:

1) дәрігердің қарап-тексеруін, көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультациясын;

2) КХ сәйкес диагностикалық қызметтерді, оның ішінде зертханалық, аспаптық және патологиялық-анатомиялық (операциялық және биопсиялық материалды гистологиялық зерттеулер, цитологиялық зерттеулер) зерттеулерді;

3) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, медициналық манипуляциялар жүргізу арқылы күндізгі стационарға жіберуге себеп болған негізгі ауруды емдеуді;

4) № ҚР-ДСМ -198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізуді, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парак немесе анықтама беруді;

5) № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығына сәйкес есепке алу құжаттамасын және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеуді және жүргізуді қамтиды.

31. Күндізгі стационарда жағдайы нашарлаған кезде пациент емдеуді жалғастыру үшін тәулік бойы стационарға жіберіледі.

32. Стационарды алмастыратын жағдайларда бақылауды қажет етпейтін жағдайды және емдеуді жалғастыру қажеттілігін жақсарту кезінде пациент амбулаториялық жағдайда емдеуге жіберіледі.

33. Үшінші деңгейде стационарды алмастыратын жағдайларда дерматовенерологиялық көмекті денсаулық сақтау ұйымының жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындысы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

Үшінші деңгейде көмек алу үшін пациенттерді жіберу № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Стационарлық жағдайларда дерматовенерологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

34. Тәулік бойы медициналық бақылауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамағымен төсек-орын беруді көздейтін стационарлық жағдайларда екінші және үшінші деңгейлерде тері-венерологиялық орталықтармен, "Ересек, балалар дерматовенерологиясы" бейіні бойынша медициналық көмек көрсететін ғылыми ұйымдармен бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың жолдамасы бойынша жоспарлы тәртіппен көрсетеді.

Емдеуге жатқызу "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

35. Стационарлық жағдайда медициналық көмек:

- 1) дәрігердің күнделікті қарап-тексеруін;
- 2) келіп түскен кезде және кейіннен қажеттілігіне қарай бөлімше меңгерушісінің қарап-тексеруін;
- 3) бейінді мамандардың консультацияларын (көрсетілімдер болған кезде);

4) КХ сәйкес диагностикалық, оның ішінде зертханалық, аспаптық және патологиялық-анатомиялық қызметтер (гистологиялық зерттеулер);

5) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды пайдалана отырып, медициналық манипуляциялар жүргізу арқылы негізгі ауруды емдеуді;

6) № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізуді, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парак немесе анықтама беруді;

7) № ҚР-ДСМ -175/2020 бұйрығына сәйкес есепке алу құжаттамасын және № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына сәйкес есептік құжаттаманы ресімдеуді және жүргізуді қамтиды.

36. Үшінші деңгейде стационарлық жағдайларда дерматовенерологиялық көмекті денсаулық сақтау ұйымының жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындысы бар денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

Пациенттерді үшінші деңгейде көмек алу үшін жіберу № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. Үйде дерматовенерологиялық көмек көрсету ұйымдастыру тәртібі

37. Үйде дерматовенерологиялық көмекті шақырту кезінде, белсенді патронажда, емдеуді үйде ұйымдастыру кезінде (үйде стационар) МСАК мамандары көрсетеді.

38. МСАК маманы үйде көмек көрсету кезінде пациентті қарап-тексереді, жүргізілетін диагностикалық зерттеулер мен емдеуді дерматовенерологтың ұсынымдарын ескере отырып түзетеді, КХ басшылыққа ала отырып, қосымша зертханалық, аспаптық зерттеулер және көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың консультациясын тағайындайды.

4-тарау. Әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің ЖЖБИ профилактикасы, диагностикасы, тіркеу ерекшеліктері

39. Жүкті әйелдердің ЖЖБИ профилактикасы, туа біткен мерезді, гонококкты инфекциясын және жаңа туған нәрестелердегі бленнореяны диагностикалау жөніндегі іс-шаралар осы стандартқа 4-қосымшаға (бұдан әрі - 4-қосымша) сәйкес жүргізіледі.

40. Ересек адамдар арасында мерезді клиникалық-серологиялық бақылау (бұдан әрі – КСБ) КХ сәйкес ерекшелігі жоқ кардиолипин антигенін (МРР — микропреципитация реакциясы; RPR — жеделдетілген плазмареагин тесті; VDRL — венерологиялық ауруларды зерттеу зертханасының тесті) пайдалана отырып, сандық трепонемалық емес тесттермен (бұдан әрі- ТЕТ) жүргізіледі.

41. Жүкті әйелдерді есепке алу кезінде, жүктіліктің 28-30 аптасы және 34-36 аптасы кезеңінде T. pallidum пассивті гемагглютинация реакциясы (бұдан әрі - ПГАР) әдісімен үш рет зерттеп-қаралады. Зерттеп-қарау нәтижелері жүкті әйелдер тізіліміне енгізіледі.

ПГАР оң нәтижелері кезінде жүкті әйелдер тері-венерологиялық орталықтарға толық зерттеп-қарауға жіберіледі. ПГАР нәтижелерін алғаннан кейін жүкті әйелді қадағалап қарау тактикасы 4-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Жүкті әйелдерде диагноз расталған кезде мерезді емдеу КХ сәйкес жүргізіледі.

42. Үш рет зерттеп-қарау нәтижелерінсіз босануға түскен және (немесе) босануға түскенге дейін 3 (үш) апта және одан да көп уақыт бұрын бір рет зерттеп-қаралған жүкті әйелдерді мерезге тестілеу диагностиканың жедел әдістерімен (мерезге бір экспресс-тестілеу немесе АИТВ/мерезге немесе мерезге МРР-ге екі рет экспресс-тестілеу, кейіннен ПГАР-ға зерттеп-қарау) жүргізіледі.

43. Емдеуге жатқызудың негізгі себебі болып табылатын: дерматовенерологиялық ауруларды зерттеп-қарау және емдеуді қажет ететін 35 аптаға дейінгі жүкті әйелдер тері-венерологиялық орталықтарға және (немесе) "Дерматовенерология" бейіні бойынша ғылыми ұйымға емдеуге жатқызылады. Жүктілігі 36 және одан да көп аптадағы жүкті әйелдер "Акушерлік-гинекология" бейіні бойынша медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға емдеуге жатқызылады.

44. Жаңа туған нәрестедегі туа біткен мерезді диагностикалау акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымда, анасында емделмеген немесе толық емделмеген мерез болған кезде немесе егер ем анасының жүктіліктің 32 аптасынан кейін жүргізілген кезде жүргізіледі. Бөлінетін бөртпелерден, амниотикалық сұйықтықтан, ұрық жолдасының тінінен, кіндіктен және (немесе) аутопсиялық үлгілерден алынған материалды тексеру *Treponema pallidum* (қараңғы өрісті микроскопия) тікелей детекциялау әдісімен немесе КХ сәйкес полимеразды тізбекті реакция (бұдан әрі – ПТР) әдісімен жүргізіледі. Туа біткен мерезді зертханалық растау кезінде жағдайларды тіркеу Жүкті әйелдер тізілімінде жүзеге асырылады.

45. Мерезден болған өлі тууды диагностикалау және есепке алу жүктіліктің 20-шы аптасынан кейін және (немесе) 500 грамнан асатын дене салмағы кезінде шарананың өлімі кезінде акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымда, анасын емделмеген немесе толық емделмеген мерез болған кезде немесе ем анасының жүктіліктің 32 аптасынан кейін жүргізілген кезде жүзеге асырылады. Бөлінетін бөртпелерден, амниотикалық сұйықтықтан, ұрықжолдасының тінінен, кіндіктен және (немесе) аутопсиялық үлгілерден алынған материалды зерттеу *Treponema pallidum* (қараңғы өрісті микроскопия) немесе ПТР әдісімен тікелей анықтау әдісімен жүргізіледі. Мерезден қайтыс болған жағдай Жүкті әйелдер тізіліміне енгізіледі.

46. Туа пайда болатын мерездің алдын алу үшін профилактикалық арнайы емдеуге:

1) бұрын РМП және (немесе) РПГА оң және (немесе) әлсіз оң нәтижелері сақталатын мерезге байланысты ем алған жүкті әйелдер;

2) ағымдағы жылы осы жүктілікке дейін мерезге байланысты ем алған, РМП және (немесе) РПГА оң және (немесе) әлсіз оң нәтижелері сақталатын жүкті әйелдер;

3) осы жүктіліктің 32 аптасынан кейін мерезге байланысты ем алған жүкті әйелдер;

3) осы жүктіліктің 32 аптасынан кейін мерезге байланысты ем алған жүкті әйелдер;

4) серологиялық нәтижелері теріс, бірақ жыныстық серіктесінде мерез диагнозы қойылған жүкті әйелдер жатады.

Есептен шығарылғаннан кейін профилактикалық емдеу тек қана серологиялық резистенттілігі бар әйелдерге алғаш жүкті болуы кезінде жүргізіледі.

Жүкті әйелге профилактикалық ем бұрын серологиялық оң нәтижесі болған әйелдерге осы жүктілік басталғанға дейін есептен шығарылған және теріс нәтижелер алынған жағдайда жүргізілмейді.

47. Туа пайда болған мерезді диагностикалау (ПТР немесе ұрықжолдасының қараңғы өрісті микроскопиясы):

1) жүктілік кезінде арнайы ем алмаған және аяқтамаған;

2) жүктілік кезінде серологиялық қарап-тексерілудің күмәнді нәтижелері бар;

3) жүргізілетін арнайы терапия тиімсіз болған кездегі әйелдерден туған балаларда жүргізіледі.

48. Профилактикалық емдеу арнайы емнің толық курсына алған аналардан туған балаларға және босану кезінде теріс нәтижелері болған балаларға көрсетілмейді. Басқа жағдайларда профилактикалық емдеу, оның ішінде балада клиникалық көріністер болмаған және туа біткен мерездің расталмаған диагнозы болған кезде жүргізіледі.

49. Туа біткен мерезі бар жаңа туған нәрестелерді емдеу дерматовенеролог дәрігерлерді тарта отырып жүргізіледі:

1) туғаннан бастап 5 күнге дейін – перзентханаларда (бөлімшелерде);

2) 6 (алты) күннен бастап 1 айға дейін – балалар ауруханаларының немесе перинаталдық орталықтардың жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшелерінде;

3) 1 айдан асқан балалар инфекциялық ауруханалардың балалар бөлімшелерінде және (немесе) балалар ауруханаларының инфекциялық бөлімшелерінде емделуге жатады.

КСБ КХ сәйкес жүргізіледі.

50. Тұрақты жоғары титрлері бар балаларға КСБ бірінші жылдың соңына қарай емдеудің екінші курсы тағайындалады. Туа біткен мерезбен ауыратын нәрестелерге пәнаралық бақылау жүргізіледі.

51. ЖЖБИ-мен ауыратын жасөспірімдер мен жастар № ҚР ДСМ-133/2020 бұйрыққа сәйкес тері-венерологиялық орталықтарда және (немесе) жастар денсаулық орталықтарында медициналық көмек алады.

52. Жаңа туған нәрестелердің көз және гениталии гонококк инфекциясының профилактикасы баланы анасынан бөлгенге дейін осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

53. Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарына орналастырылған кәмелетке толмағандар оларда ЖЖБИ және жұқпалы тері аурулары (микроспория,

трихофитоз, фавус, қышыма) анықталған кезде Кодекстің 181-бабының 3-тармағына сәйкес олардың заңды өкілдерінің келісімімен ауруханаға жатқызылады.

54. Висцералдық мерезбен ауыратын пациенттерді емдеу зақымданудың ауырлығы ескеріле отырып, тері-венерологиялық орталық және (немесе) терапиялық бөлімше жағдайларында жүргізіледі. Емдеуді арнайы ем тағайындайтын, қосарласқан және симптоматикалық терапияны ұсынатын терапевтпен бірлесіп дерматовенеролог жүргізеді.

55. Нейромерездің клиникалық манифесттік нысандарымен пациенттерге арнайы ем дерматовенерологтың қатысуымен көпбейінді аурухананың және (немесе) психикалық денсаулық орталығының неврологиялық бөлімшесі жағдайында жүргізіледі. Нейромерездің асимптоматикалық түрлерімен ауыратын пациенттерге ем тері-венерологиялық орталық немесе ғылыми ұйым жағдайларында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында
дерматовенерологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
1-қосымша

Дерматовенерологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының штат саны

1. Амбулаториялық жағдайда дерматовенерологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының тері-венерологиялық кабинетінде (емхана) аудандық деңгейде дерматовенеролог лауазымы кемінде 0,2-0,3-тен және қалалық деңгейде 10 мың халыққа шаққанда кемінде 0,2 болып белгіленеді.

Дерматовенерологтың 1 (бір) лауазымына мейіргердің 1 (бір) лауазымы белгіленеді.

2. Көп бейінді аурухананың тері-венерологиялық орталығында 1 меңгеруші лауазымы белгіленеді.

Тері-венерологиялық бөлімшенің амбулаториялық-емханалық бөлімшесінде:

100 мың халыққа шаққанда кемінде 0,5 дерматовенеролог лауазымы;

дерматовенерологтың 1 (бір) лауазымына мейіргердің 1 (бір) лауазымы белгіленеді;

емшара, таңу кабинеттерінің және зертханалық материал алуға арналған кабинеттің мейіргерлерінің кемінде 0,5 лауазымы;

құпия тексеру және емдеу кабинетінің мейіргерлерінің кемінде 0,5 лауазымы;

эпидемиологиялық топта мейіргерлердің кемінде 2 (екі) лауазымы белгіленеді.

Тері-венерологиялық бөлімшенің тәулік бойы стационарында:

30 төсекке дерматовенеролог дәрігердің кемінде 1 (бір) лауазымы;

тәулік бойы 1 (бір) постқа 30 төсекке мейіргердің кемінде 3 (үш) лауазымы;

асханада жұмыс істеу үшін кіші медицина персоналының кемінде 1 (бір) лауазымы;

қабылдау бөлмесінің мейіргерінің кемінде 2 лауазымы белгіленеді.

Таңу бөлмесі мейіргерінің лауазымы 30 төсекке кемінде 1 (бір) лауазым, емшара бөлмесі мейіргерінің 30 төсекке кемінде 1 (бір) лауазым есебінен белгіленеді.

Тері-венерологиялық орталықтың күндізгі стационарында:
30 төсекке дерматовенеролог дәрігердің кемінде 1 (бір) лауазымы;
емшара, манипуляция кабинеттерінің мейіргерлерінің кемінде 1 (бір) лауазымы белгіленеді.

Тері-венерологиялық орталықтың диагностикалық зертханасында:
меңгерушінің кемінде 1 (бір) лауазымы;
зертханашы дәрігердің кемінде 1 (бір) лауазымы;
зертханалық диагностика бойынша орта медицина қызметкерлерінің кемінде 2 лауазымы белгіленеді.

Тері-венерологиялық орталықтың косметология кабинетінде:
кемінде 0,5 дерматовенеролог лауазымы;
дерматовенерологтың 1 (бір) лауазымына мейіргердің 1 (бір) лауазымы белгіленеді.

Қазақстан Республикасында
дерматовенерологиялық
көмек көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
2-қосымша

Дерматовенерологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды жарақтандыру

Функционалдық блоктың атауы	саны
Дерматовенерологтың кабинеті	
Медициналық әмбебап криодеструктор, 3 литрлік, 6 литрлік Дюар ыдысы	1
Бактерицидті шам	1
Зең ауруларын диагностикалауға арналған люминесцентті шам (Вуд шамы)	1
Экрандалған бактерицидті сәулелендіргіш	2
Медициналық бір рефлекторлы жылжымалы шам	1
Стерильді құралды сақтауға арналған камера	1
Дерматоскоп	1
Дәрігердің қабылдау жиынтығы	2
Трихоскоп	1
Лупа шам	10
Заттық шыны	10
Жөргекке орау үстелі	1
Екі қабатты заттық үстел	2
Аспаптық жылжымалы үстел	1
Гинекологиялық кресло	1
Урологиялық кресло	1
Диатермокоагулятор	1
СО2 лазер, неодимді	1
Кольпоскоп	1

Уретроскоп	1
Сургитрон (радиотолқынды)	1
Биопсияға арналған панчи (жиынтық)	3
Шағын хирургиялық жиынтық	1
Дерматокосметологтың кабинеті	
Медициналық әмбебап криодеструктор, 3 литрлік, 6 литрлік Дюар ыдысы	1
Бактерицидті шам	1
Зең ауруларын диагностикалауға арналған люминесцентті шам (Вуд шамы)	1
Экрандалған бактерицидті сәулелендіргіш	1
Медициналық бір рефлекторлы жылжымалы шам	1
Стерильді құралды сақтауға арналған камера	1
Дерматоскоп	1
Дәрігердің қабылдау жиынтығы	1
Трихоскоп	1
Лупа шам	
Заттық шыны	10
Аспаптық жылжымалы кішкентай үстел	2
Гинекологиялық кресло	1
Диатермокоагулятор	1
СО2 лазері, неодимді	1
Сургитрон (радиотолқынды)	1
Биопсияға арналған панчи (жиынтық)	2
Шағын хирургиялық жиынтық	2
Косметологиялық кресло	2
Кушетка	1
Ультрадыбыстық скрайбер	2
Ультрадыбыстық стерилизатор	1
Дарсонваль портативті	1
Хромотерапиялы Биоптрон	1
Медициналық таразы	1
Косметологиялық комбайн	1
Дерматохирургтың кабинеті	
Термостат	1
Сорғыш шкаф	1
Биопсияға арналған панчи (жиынтық)	5
Шағын хирургиялық жиынтық	2
Көлеңкесіз шам	1
Хирургиялық кішкентай үстел	1
Экрандалған бактерицидті сәулелендіргіш	1
Медициналық бір рефлекторлы жылжымалы шам	1

Стерильді құралды сақтауға арналған камера	1
Косметологиялық кресло	1
Алмас дермабразия аппараты	1
Облятивті фракциялық лазер	1
Физиотерапия кабинеті	
Гальванизация және электрофорез аппараты	1
Вальдман фотокабины	1
Жергілікті Вальдман фототерапия аппараттары	1
Хромотерапиялы Биоптрон	1
Прессотерапия	1
Электросон	1
Бальнеология	1
Ультрадыбыстық скрайберлер	5
Жергілікті дарсонвализацияға арналған аппарат	2
Андрогендік аппарат	1
Оттегі ингаляторы	2
Соллюкс шамы	1
Небулайзер	2
Жөргекке орау үстелі	1
Экрандалған бактерицидті стационарлық сәулелендіргіш	1
Екі қабатты заттық үстел	қажеттілігіне қарай
Зертхана	
Микроорганизмдерді түрлі сәйкестендіруге арналған талдауыш	1
Анаэробты микроорганизмдерді өсіруге арналған анаэробты жүйе	1
Түрлі сәйкестендіруге және микроорганизмдердің микробқа қарсы препараттарға сезімталдығын анықтауға арналған автоматты микробиологиялық талдауыш	1
Төмен температуралы тоңазытқыш (қолдау температурасы-70-80°C)	1
Қоректік ортаны автоматты дайындауға арналған аппарат	1
Роторлы немесе шана микротомы	1
Гистологиялық кесіктерді түзетуге арналған термованна	1
Парафинді кесіктерді кептіруге арналған жылыту үстелдері	1
Термостат	1
Тіндерді парафинге құюға арналған аппарат	1
Орган автоматты бояуға арналған аппарат	1
Криостатты микротом	1

In vitro зерттеулерге арналған лазерлік сканерлеуші конфокальды микроскоп	1
Сандық камерамен жабдықталған жарық микроскоп	1
Ламинарлы шкаф	2
Автоклав	1
Бактериологиялық талдауыш	1
Биохимиялық талдауыш	1
Гематологиялық талдауыш	1
Вошері және инкубаторы бар иммуноферментті талдауыш	1
Несеп талдауыш	1
Су моншасы	1
Электрондық таразы	1
Сынауық шайқағыш (вортекс)	1
Дистиллятор	1
СО2 инкубаторы	1
1 арналы және 8 арналы ауыспалы көлемді тамшуыры бар ауыспалы ұштықтарымен ауыспалы көлемді дозаторлар жиынтығы	қажеттілігіне қарай
Бинокулярлық микроскоп	2
Заттық шыныда қан жағындыларын бекітуге және бояуға арналған аспап	1
Құрғақ ауа стерилизаторы	1
Электрондық лейкоформула есептегіші	1
Термостат	1
Фотометр	1
Медициналық тоңазытқыш	1
Мұздату камерасы бар тоңазытқыш	1
Зертханалық центрифуга	1
Полимеразды-тізбекті реакция талдауыш	1
ПТР - бокс (ауа ламинарлы ағыны бар стерильді шкаф)	1
Центрифуга - вортекс	1
Термоблок	1
Құрғақ блокты қатты күйдегі термостат	1
Жоғары жылдамдықты центрифуга	1
Стационарлық екі лампалы бактерицидті сәулелендіргіш	қажеттілігіне қарай
Жалпы болу палатасы (күндізгі стационар)	
Стационарлық екі шамы бар бактерицидті сәулелендіргіш	Палата санына қарай
Палата жиынтығы	Төсекке 1
Дерматовенерология бөлімшесі	

Қабылдау бөлмесі	
Штативтегі инфракызыл шам	1
Экрандалған бактерицидті қабырға сәулелендіргіші	1
Портативті электрокардиограф	1
Автоматты тонометр	1
Фонендоскоп	1
Дерматоскоп	1
Термометр	10
Заттық шыны	1
Зең ауруларын диагностикалауға арналған люминесцентті шам (Вуд шамы)	1
Жалпы болу палатасы (тәуліктік стационар)	
Стационарлық екі шамы бар бактерицидті сәулелендіргіш	Палата санына қарай
Жақпамай (байлап-тану) бөлмесі	
Хирургиялық құралдар жиынтығы	2
Жөргекке орау үстелі	1
Стационарлық шам	1
Стационарлық бактерицидті сәулелендіргіш	1
Гинекологиялық кресло	1
Кушетка	2
Сопакша науалар	10
Петри табақшалары	20
Заттық үстел, екі қабатты	2
Емшара бөлмесі	
Жөргекке орау үстелі	1
Медициналық жылжымалы шам	1
Медициналық тоназытқыш	1
Стационарлық бактерицидті сәулелендіргіш	1
Заттық үстел, екі қабатты	2
Дәрігерлік қабылдау жиынтығы	1
Центрифуга	1
Стерильдеу бөлмесі	
Автоклав	1
Стерильдеу қорабы	4
Құрғақ ауа стерилизаторы	1
Көпфункционалды медициналық арба	1
Химиялық реактивтерге арналған шкаф	1
Стационарлық бактерицидті сәулелендіргіш	1

***Дәрігердің қабылдау жиынтығы**

Өлшеу лентасы	1
Сопакша науа	1

Секундомер	1
Дезинфекциялық ерітіндіге арналған стақан	1
Медициналық термометр	5
Тонометр	1
Фонендоскоп	1
Медициналық шпатель	20

Қазақстан Республикасында
дерматовенерологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
3-қосымша

Мерезге зерттеп-қарауға жататын контингенттердің тізбесі

Контингент	ЖЖБИ -ге зерттеп-қарауға жататындардың %	Мерезге зерттеп-қарау		
		ИФТ* немесе ПГАР**	ПГАР**	МРР***
Дерматовенерологиялық бейіндегі мамандандырылған медициналық ұйымдарға медициналық көмекке жүгінген 12 жастан асқан адамдар	100 %	100 %		
ЖЖБИ жұқтырушы болып табылатын адамдар және олармен байланыста болған адамдар	100 %	100 %		
Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу, оңалту орталықтарына және басқа қабылдау-тарату орындарына жеткізілетін адамдар	100 %			100 %
Жүкті әйелдер	100 %		100 %	
Амбулаториялық-емханалық деңгейде медициналық ұйымдарға әрбір медициналық көмекке алғаш	100 %			

жүгінген кезде 12 жастан асқан адамдар;				100 %
Жылына 1 реттен жиі емес созылмалы процеспен байланысты диспансерлік есепте тұрған адамдар				100 %
Әрбір емдеуге жатқызу кезінде бейініне қарамастан стационарларға емдеуге жатқызылған науқастар				100 %
Жаңа көрсетпiшпен т ү с к е н қабылдау-тарату орындарында, уақытша ұстау изоляцияларында, т е р г е у изоляцияларында, т ү з е т у мекемелерінде ұстанатын барлық адамдар.	100 %			100 %
Қазақстан Республикасы Ә д і л е т министрлігінің қылмыстық-атқару ж ү й е с і мекемелерінде ұстанатын адамдар			100 %	
Дерматовенерологт ы ң ж ә н е акушер-гинекологт ы ң кабинеттеріне алғаш рет басқа көрсетіліммен жүгінген кезде, акушерлік-гинеколо гиялық және дерматовенерология лық бөлімшелерге емдеуге жатқызу кезіндегі барлық әйелдер	100 %			100 %
Урологиялық кабинетке жүгінетін				

және несеп-жыныс жүйесінің ауруларына байланысты емдеуге жатқызылатын адамдар	100 %			100 %
Тіс және ауыз қуысының шырышты қабығының ауруларына байланысты стоматологиялық кабинеттерге жүгінетін адамдар	100 %			100 %

ИФТ* - иммундық-флуоресцентті талдау

ПГАР**- пассивті гемагглютинация реакциясы

МРР*** - микропреципитация реакциясы

Қазақстан Республикасында
дерматовенерологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
4-қосымша

Жаңа туған нәрестелердегі туа біткен мерездің, гонококк инфекциясының және бленнореяның профилактикасы және диагностикасы жөніндегі іс-шаралар

4.1 ПГАР нәтижелерін алғаннан кейін жүкті әйелді қадағалап қарау тактикасы				
Анамнез және зерттеп-қарау нәтижелері	жүкті әйел бұрын мерезбен ауырған, емдеудің толық курсы алған және ПГАР нәтижесі теріс	жүкті әйел бұрын мерезбен ауырған және емделген, бірақ ПГАР нәтижесі болмашы оң немесе оң болып сақталған	мерез алғаш рет анықталды, ПГАР нәтижесі болмашы оң немесе оң	жүкті әйелдер, оларда ПГАР нәтижесі теріс, бірақ жыныстық серіктеске мерез диагнозы қойылды
Емдеу	Емдеуге жатпайды	жүкті әйел туа біткен мерездің профилактикасы мақсатында көпбейінді аурухананың дерматовенерология бөлімшесінде стационарлық емделуге жатады.	жүкті әйел белгіленген диагнозға сәйкес көпбейінді аурухананың дерматовенерология бөлімшесінде стационарлық емделуге жатады.	жүкті әйел туа біткен мерездің профилактикасы мақсатында көпбейінді аурухананың дерматовенерология бөлімшесінде стационарлық емделуге жатады.
4.2 Туа біткен мерездің диагностикасы				
	жүкті әйел бұрын мерезбен ауырған және арнайы	жүкті әйел бұрын мерезбен ауырған және арнайы	Алғаш рет мерез анықталды және босану кезінде оң ТЕТ сақталатын	Алғаш рет мерез анықталды, бірақ қазіргі жүктілік

Іс-шаралар	емдеудің толық курсын алған (ПГАР нәтижесі теріс)	емдеудің толық курсын алған (ПГАР нәтижесі оң)	ағымдағы жүктілік кезінде нақты емдеудің толық курсын алды	кезінде арнайы ем қабылдамады немесе аяқтай алмады.
Перзентханада тірі туған балаларды қадағалап қарау тактикасы				
Қараңғы өрісті микроскопия немесе ПТР әдісімен тексеру	жүргізілмейді	Тірі туған нәрестеде бөлінетін бөртпелерді немесе амниотикалық сұйықтықты немесе ұрықжолдасының тінін немесе кіндігін тексеру	Тірі туған нәрестеде бөлінетін бөртпелерді немесе амниотикалық сұйықтықты немесе ұрықжолдасының тінін немесе кіндігін тексеру	Тірі туған нәрестеде бөлінетін бөртпелерді немесе амниотикалық сұйықтықты немесе ұрықжолдасының тінін немесе кіндігін тексеру
Перзентханада өлі туған кезде (жүктіліктің 20-шы аптасынан кейін және (немесе) 500 грамнан асатын дене салмағы шарана қайтыс болған кезде) қадағалап-қарау тактикасы				
Қараңғы өрісті микроскопия немесе ПТР әдісімен тексеру	жүргізілмейді	ұрықжолдасының тінін немесе кіндігін немесе ішкі ағзаларын немесе амниотикалық сұйықтықты немесе аутопсиялық үлгілерді зерттеп қарау	ұрықжолдасының тінін немесе кіндігін немесе ішкі ағзаларын немесе амниотикалық сұйықтықты немесе аутопсиялық үлгілерді зерттеп қарау	ұрықжолдасының тінін немесе кіндігін немесе ішкі ағзаларын немесе амниотикалық сұйықтықты немесе аутопсиялық үлгілерді зерттеп қарау
4.3 Жаңа туған нәрестелерде гонококк инфекциясының және бленнореяның профилактикасы				
бленнореяның профилактикасы		эритромицин, бір реттік 0,5% көз жақпамай немесе тетрациклин, бір реттік 1% көз жақпа майы (әр балаға арналған жеке түтік немесе әр балаға арналған стерильді шыны таяқшалар); стерильді қолғаптар		
жаңа туған нәрестелерде гонококк инфекциясының профилактикасы		цефтриаксон, вена ішіне және бұлшықет ішіне енгізуге арналған ерітінді дайындайтын ұнтақ дене салмағының бір килограммына 25-50 миллиграмм (бірақ 125 миллиграммнан аспау керек) бұлшықет ішіне бір реттік енгізу		